

# ❄ ❄ ❄ Жаңа жыл ❄ ❄ ❄



**Жаңа жыл** – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке. Бәріміз келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз.



**Болгарияда**

Болгарияда сағат тілі 12-ні соққанда барлық үйде жарық сөне бастайды. Сол кезде әркім көңілі қалаған адамымен 3 минут бойы сүйседі екен. Дастарқанға міндетті түрде самса қойылады екен.

**Италия**

Итальяндықтар ескі жылдың соңғы сағаттарында ешкіммен ренжіспеуге және ешкіммен қарыз ақша алмауға тырысады екен. Жаңа жылдың алғашқы түнінде үйлеріндегі сынған ыдыстарын, ескірген жиһаздарын аулаларына шығарып тастайды екен.

**Франция**

Францияда адамдар Жаңа жыл кешінде жомарт болуға құмар келеді екен. Бұл күні мейрамханалар адамдарды тегін тамақтандырып қана қоймай кетерінде сыйлықтар береді екен.

**Қазақстан**

Қазақстанда жыл басы мерекесі наурыз айында тойланады. Бұл қазіргі күн есебі бойынша наурыздың 22-ші жұлдызына сәйкес келеді. Бұл күні адамдар жұмыс істемейді, сапарға шықпайды ,кір жумайды, ешкімді ренжітпейді. Барлық үйде мерекелік дастарқан жайылады. Бұл күні күн мен түн теңеседі.

**Ұлыбритания**

Ұлыбритания алғаш ашық хаттарды (открытка) шығарған ел болып есептеледі. Сондықтан да Жаңа жылда осы елдің әр жанұясы таныстарын ашық хат арқылы құттықтағанды ұнатады.



# Қазақ жаңа жылы

Қазақтар үшін 'Жаңа жыл мерекесін наурыздың 22-сінде, күн мен түн теңелген қасиетті мезгілде басталған. Түрлі тарихи басылымдарда Жаңа жылды әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін Ресейде 1700 жылы қаңтардың 1-інде І Петрдің енгізгені, дәл осы жылы Ресейде жаңаша жыл санау басталғаны, І Петрдің өзі басқарған Мәскеудегі мейрамның таңға дейін созылғаны жазылып жүргенімен, бірқатар этнограф-тарихшылар қыпшақтардың шырша мерекесі болғанын, Жаңа жылдың – көшпелілердің де байырғы мейрамы екенін жазады.



# ❄ ❄ ❄ Жаңа жыл ❄ ❄ ❄ қосымша мәлімет

- Жаңа жыл

Көптеген елдер жаңа жылды григорианск күнтізбесінің бірінші күні 1қаңтарда тойлайды. Кейбір елдер жаңа жылды ай күнтізбесі бойынша тойлайды.



# ❄ ❄ ❄ Жаңа жыл ❄ ❄ ❄ кейіпкері





# ❄ ❄ ❄ Аяз ата ❄ ❄ ❄

Аяз Атаға бір кездері имандай сеніп едік. Атаға арнап небір тақпақтар жаттайтынбыз. Ал бүгінде іні-қарындастарымызды "жақында Аяз Ата келеді" деп алдап жүрміз.Аяз атаны кейде Трескун, Позвизд, Карачун деп те атайтын болған.



# ❄ ❄ ❄ Жаңа жыл ❄ ❄ ❄ көркі





# ❄ ❄ ❄ Жаңа жыл ❄ ❄ ❄
## Шырша

**Жаңа жылдық шырша** - қыста тойланатын Жаңа жыл мейрамының негізгі нышаны. Көпқұдайшыл болған римдіктердің сенімі бойынша, егер адам өз үйінде лавр (үнемі жасыл болып өсетін ағаштың бір түрі) ағашын тігіп қойса, онда оның үйінен көктем кетпейді – мыс. Сондықтан да, олар сол ағашты өз үйлеріне әр қыс келгенде тігіп қоятын болған. Герман тайпасы да солай істеген, бірақ лаврдың орнына олар шырша (елка, ель) ағашын пайдаланған. Яғни, Исаға (а.с) да, жаңа жылға да қатысы жоқ.



# ❄ ❄ ❄ Жаңа жыл ❄ ❄ ❄
әр елде бар

Дубайда



Францияда



# Аудармасы

Французша

le nouvel an

Ағылшынша

new year

Қазақша

Жаңа жыл

Орысша

Новый год

Итальянша

il nuovo anno

**Әр елде әртүрлі бірақ жаңа жыл бір**







❄ ❄ ❄ Жаңа жыл ❄ ❄ ❄

Құтты болсын!